

**Ұстағалиев Е.О.**

*Тарих ғылымдарының магистрі, Сулейман Демирел атындағы университет,  
Қаскелең, Қазақстан,  
[ernar.ustagaliiev@mail.ru](mailto:ernar.ustagaliiev@mail.ru)*

## **ЖОҢҒАР ХАНДЫҒЫ ҚҰЛАҒАННАН КЕЙІНГІ ҚАЗАҚ-ОРЫС ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ**

**Abstract.** In this article, I investigate considered geopolitical position in the Central Asia, after down Djungar state. In XVIII century (into II-half century) about to crossing Kazakh-Russian connection in new stage, and influence Chinese political factors to it and to appear aim of my work. I analyze essence politician Kazakh rulers in that time.

**Keywords:** diplomacy, foreign relations, Chinese factors, embassy relationship.

Бір ғасырдан аса уақытқа созылған қазақ-жоңғар қарым-қатынасы соңғысының құлап, тарих сахнасынан кетуімен аяқталады. Жоңғар хандығының құлауы да өз соңында саяси салдарын қалдырды. 1758 жылы циндік билік иелері Ресей әкімшілігінен жоңғар тағының мұрагері, антициндік ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі Әмірсананы тірідей беруін, болмаса оның өлі екеніне көз жеткізуін талап етеді. Оған да қанағаттанбай, мүрдесін беруін сұрап тағы елші жібереді. Ресей тарапының бұл сұранысты қабыл алмауы орыс-қытай қатынасының нашарлауына әкеп соғады. 1757-1759 жылдар аралығындағы Петербург пен Пекин арасындағы хат жазысу тақырыбы Әмірсананың қалдығын беру мәселесі турасында өрбіді [1, 302-303 б.].

Жоңғариядағы жаулап алу қимылдары 1759 жылы цин әскерлерінің Жұлдыз тауындағы ойраттардың азаттық күресінің соңғы ошағын жоюмен аяқталады.

Жоңғар хандығының жойылуы Орталық Азияда қалыптасқан арасалмақты, бірқатар күрделі саяси және халықаралық жағдайларды өзгертті. 1758 жылы Жоңғарияны және 1759 жылы Шығыс Түркістанды иеленуі нәтижесінде Цин империясы өзінің шекарасын Ресей және Орта Азия хандықтарының аумақтарына дейін кеңейтті де, аймақта геосаяси және әскери-стратегиялық күрделі ахуал тудырды. Ш.Уәлиханов бұл турасында: «Падение сильной Джунгарии, бывшей грозой для Средней Азии, и, наконец, завоевание единоверной Малой Бухарии навели на всю Азию панический страх» [2, 233 б.] деп жазады. Бұл кезеңде Цин әскерлерінің жылжуынан Ресей империясының да алаңдаушылық танытқанын көруге болады. Әсіресе, қол астындағы иеліктері – Сібір аймағы мен бодандығын енді ғана қабылдаған қазақ хандықтары үшін Цин басқыншылығынан қауіптенді. Қытай әскерлерінің Әмірсананы желеу еткен басқыншылық жорықтарынан негізінен Орта жүз аймақтары мен халқы зардап шекті. Сол тұста Орта жүздің біраз руларына иелік еткен Абылай сұлтан алғашқы соққыларды қабыл алып, басқыншыларға қарсы күресуіне тура келді. Дегенмен күш теңемес болғандықтан, Абылай Цин тағының иесіне елші жіберіп, өзінің мойынсұнатынын жариялайды. Абылай маньчжур әскерінің қолбасшыларының елшілерімен 1757 жылдың 22 шілдесінде Аягөз өзенінің маңында кездеседі. Кездесу барысында Абылай қытай императорына өз бодандығын растау үшін Пекинге елші аттандыратынын айтады, сонымен қатар Қытай арасында сауда айырбасын жасау мәселесін көтереді [3, 33-34 б.]. Бұл орыс әкімшілігін одан бетер мазасыздандырады. Ал бұл тұрғыдан Абылай сұлтанның өз есебі бар-тын.

Абылай өзінің қытайлықтармен байланысы туралы Неплюев пен Тевкелевке жазған хатында баяндайды. Алайда қытай елшілерімен кездесу барысындағы нақты мән-жайды, соның ішінде бодандық туралы мәселені толығымен ашып айтпай, өзінің олармен бейбіт көршілік шарт жасасқаны туралы хабарлайды [4, 246-247 б.]. Сондай-ақ жауабында: Қоймаңырақ, Қозымаңырақ және Жиынкөл (Дшинкуль) деген үш жерде тұратын 60 мың қытаймен келісім шартын жасасып, Еренқабырға деген жерде Орынбордағыдай сауда орталығын ашуға келіскенін және осы мәселе бойынша қытай богдыханына өзінен 13 кісі елшілікке жібергенін айтады. Тағы да, 1757 жылдың желтоқсан айында Абылайға қытайдан 4 елші келгенін, оған: «маған ұлымдай болсын, өзінің елінде аман-есен болсын, бір әкенің баласындай болайық», деп Қытай патшасының сәлем айтқанын жеткізеді [5, 548-549 б.]. Неплюев пен Тевкелев өздерінің Сыртқы істер алқасына жолдаған мәлімдемелерінде Абылай ханның Ресейге оң пиғылын сақтап келетінін, дегенмен де қытай богдыханының емексіткенінен сақтану керектігін ашық айтады. Абылай жолдаған хаттарында істің жөн-жапсарын үнемі жасырып отырды, оның 13 адамды богдыханға сауда мәселесін келісуге аттандырдым деуі, сондай саясатының көрінісі десек болады. Ал сол аталған елшілікте Абылайдың елшілері Қанжығалы, Өміртай, Төлен, Еренжі, Абылайдың інісі Әбілпейістің елшісі Танаш, Бөкенайлар Жыхыға (Ежен ханның көшпелі сарайы тұрған жазғы қоныс) келіп, патшамен дидарласып, хат табыстайды [6, 33-34 б.]. Орыс әкімшілігі Абылайдың қытаймен бұндай байланыстарынан секем ала бастайды да, бұндай тығыз байланыстарға кедергі жасауға тырысты. Абылайға әлсін-әлсін елші жіберіп, жағдайдың мән-жайын бақылау үстінде болды. Ресей патшасының 1758 жылғы 19 наурыздағы жолдауында егер қытаймен соғыс бола қалса, қазақтардан мүмкін болғанынша көп әскер жиып, қытайлықтардың бетін қайтару үшін Сібір шебіне аттандыру тапсырылды. Бұл кезде Кіші жүз ханы Нұралы 30 мыңға дейін әскер бере алатынын Тевкелевке хабарлайды [4, 252 б.]. Қытай тарапы да қазақтардың Ресей боданы екенін жақсы білді, олар да «тұрақсыз» қазақтардың астыртын әрекеттеріне алаңдаушылық білдірді. Қытай патшасының 1758 жылғы 3 сәуірдегі жарлығында жоңғарлардан қалған Хасик Шира жұртының қарақшылықпен айналысып жүргенін, Шеріннің Шешенқарадан Сарыбелге қашқанын, қазақтың Кіші жүзінің ханы Нұралының және оның інісінің сарбазы екі бөлініп, олардың ізіне түскенін, Кіші жүзден Ералы сұлтандар он мыңдай адаммен Шуға аттанып, Орта жүзден Сартоғым батыр 2000 мыңдай сарбазбен Ақтау-Ұлытаудан жолға шығып, Қабанбаймен Керейбұлақта тоғысып, Шерінге жабыла лап қоймақ екендігін мәлімдейді [6, 39-40 б.]. Бұдан әрі ойраттардың қалдығын талқандаған қазақтар бос жерлерге ие болып қалуы мүмкін деп Қытай жағы күдіктенеді. Сондықтан, ол жерлерді әскермен қатаң күзетіп, қазақтарды өткізбеуді тапсырады. Өз кезегінде орыс әкімшілік орындары қытайлықтар тарапынан болатын қауіпті болдырмау үшін алдын-ала шаралар қолдану керектігі ұйғарылады. Мемлекеттік алқаның 19 наурыздағы 298 жарлығына сәйкес, қытайларға қазақ ханы Нұралы бастаған Кіші жүзді қарсы қою керек деп шешім жасайды: «...Мұндай жағдайларда, біздің ойымызша, Нұралы ханды інілерімен, Орта жүздің Абылай сұлтанын және беделді-беделді ел ағаларын көндіріп, мейлінше қуатты әскер күшін жарақтап, оларды Ресей шекарасына қауіп төндіріп тұрған қытайларға, жоңғарлар мен моңғолдарға қарсы жұмсап, пайдаланып қана қоймай, қытайлардың бұрынғы жоңғар және моңғол жерлеріне табан тіреп бекінуіне қарсы жұмсауға болар еді» деп қаулы етіледі [4, 258-259 б.].

Осылайша жоғарыда келтірілген құжаттардан көретініміз, Жоңғар хандығы құлатынғаннан кейінгі алғашқы жылдары екі алып мемлекет арасында жоңғарлардан

босап қалған иеліктер үшін жүргізілген стратегиялық жоспарлары мен мүдделер тоғысы нақты жеңімпазды аз уақыт ішінде анықтап бере қоймады. Қытай империясының бастапқы кезеңде қазақ хандықтарын өз қоластына кіргізіп, жерін басып алуы, оның экспансиялық жоспарлы саясатының негізгі бағыттарының бірі болды [3, 34 б.]. Алайда қытай императорына қазақ жерлерін басып алу жоспарын жүздердің Ресей қоластына өтуі жүзеге асыртылды. Оларға дәл бұл жағдайда қазақ билеушілерінің сөз жүзінде болса да бодандыққа ант етіп, соның белгісі іспеттес болған сый-сияпаттарды уақытылы жіберіп отыруы да қанағаттандырды.

Осындай алмағайып қиын кезеңде жер мен ел тағдырының ауырпалығы билеушілердің иығына артылды. Ресей мен Қытай арасында мекен еткен Орта жүз қазақтарының билеушісі Абылай, Ресей боданы бола отырып, енді Цин империясымен де дипломатиялық байланысқа түсуге мәжбүр болады. Ғалым Қ.Әбуевтің жазғанындай, екі алып империя арасында бола отырып, Абылайдың көздегені – Қытаймен бейбіт келісімге келіп, оның рыногына жол ашу, екіншіден, Қытай факторын Ресей империясына қарсы қолдану болғаны сөзсіз дейді [7, 27 б.].

XVIII ғасырдың 60-шы жылдарындағы халықаралық қатынастар біраз саябырлаған деңгейде өрбіді. Бұл тұста Ресей мен Қытай тараптары қазақ жүздеріне өз ықпалдарын жүргізуге тырысты. Бұны орыс әкімшілігінің құпия жарлықтарынан байқауға болады. 1761 жылғы 2 қарашадағы Ресей Сыртқы істер алқасы құпия комиссиясының ұйғарымына сәйкес, сол жылғы 22 қыркүйекте генерал-майор Вейморн қазақтарды тыныштандырып, ежелгі салтынан айыру, мінез-құлқын жұмсарту, олардың негізгі байлығы болып табылатын малын бірте-бірте азайтып және бізге шын берілген рухта бағындырудың жоспарын жеткізді. Құпия алқа қазақтарға әділ және кешіріммен қарау, олардың малын шекараға таяу бағуға рұқсат беру, қазақтардан қашып шыққан тұтқындарды (егер олар Ресей азаматы болмаса) және өтіп кеткен малдарды ұстап қалмай, қайтару жөнінде Вейморнның ұсынысын қолдайды. Сондай-ақ, Абылай сұлтан мен Құлсары батырдың өздеріне баспана, малдарына қора-қопсы салып беру керек деген ұсынысты да орынды деп бағалайды. Бұл шараларға қазынадан едәуір шығын кететін болса да, қазіргі жағдайда, әсіресе қытаймен арадағы қатынастардың өзгеше жағдайында, қазақтарды бауырға тартып, қытайдан алшақтату қажеттігіне байланысты қаражат шығындарына баруға болатынын айтады [5, 630-632 б.]. Осылайша, олар қазақтарға қандай жақсылық істеп отырғанын әйгілеп, қытайдан іргесін аулақ салады деп есептеді. Қазақ билеушілеріне үй салып беру мәселесін 1762 жылдан бастап тиісті мекемелер арқылы жүзеге асыра бастайды. Үкімет шекараға жақын жерге Абылайға арнап ағаштан үй салып бермекші болып ұйғарды, алайда бұл идея тек 1779 жылы ғана жүзеге асырылады. Қазақ билеушілері Ресейдің мұндай саясатынан пайда тауып қалуға тырысты. 1764 жылы Абылай өзіне қазақтарды орыстың агротехникасын үйрету үшін он орыс шаруасын, үй салу үшін шеберлер мен материалдар жіберуді сұрады. Алайда Абылайдың Ресейге сырттай қарағанда жақсы осы көзқарасы, дегенмен де қазақ сұлтанының астарлы саясаты ғана болатын [8, 260 б.]. Орталық, сонымен қатар, қазақтарды отырықшы тұрмысқа көшіру мәселесін де талқыға салады. Бұны да генерал Вейморнның алқаға жасаған ұсынысынан көруге болады. Онда: «Қалай да (қазақтарды) отырықшы тұрмысқа бейімдесек, мұның тұрмысқа қолайлы жақтарын өздері де сезіп, бойлары үйренер еді. Сөйтіп, қазақтардың тұрғын жерлерін есепке алуға мүмкін болады... Әуелі өзіміз пішен шауып беріп, кейін өз малдарына өздері қысқы азық дайындап алуына жағдай жасайық. Өйткені, қазақтардың қолда тұрып пішенмен азықтанған малдары мен жылқылары қатал

қыстың ауыртпалығын сезбей, тебін малдарына қарағанда әлжуаздана береді. Ал, пішен шабумен айналысқан қазақтар жұмыспен айналысып, бос уақыты азаяды. Қыстың қатты аяздарында жылы үйде болады. Құлын кезінен қорада өсіп, пішенмен азықтанған жылқы тебінді ұмытып, қолдан ғана шөп жеуге үйреніп кетеді. Шөп қоры шектеулі болғандықтан, мал саны да азая береді, малы азайса, қазақ та тұрақтанып, жуаситын болады, бізден көмек пен қамқорлық сұрай бастайды. Мініс аттары азайғаны да жақсы. Қытайлар қазақтардан көп ат сатып алмас еді, атты әскер жасақтау мүмкіндігінен айырылар еді» [4, 327-330 б.].

Ресей әкімшілігі қазақ билеушілерін орталықта болып жатқан жаңалықтардан үнемі хабардар етіп отыруды жөн санап, оқиғалар желісі туралы хаттар жолдап отырды. Аталған кезеңде Сыртқы істер алқасы 1761 жылы 25 желтоқсанда Елизавета Петрқызы патшаның қайтыс болуына байланысты Нұралы ханға, оның інілері Ералы мен Айшуаққа және Орта жүздің сұлтаны Абылайға император III Петрдің таққа отырғаны туралы және жарты жылдан кейін, яғни, 1762 жылы 28 маусымда Екатерина II патшайымның таққа отырғаны туралы грамоталар [4, 333-340 б.], сондай-ақ Ресей Сыртқы істер алқасының 1763 жылғы 2 тамыздағы жарлығынан Нұралы ханға және Орта жүздің сұлтаны Абылайға Орынбор губернаторы болып, мемлекеттік кеңесші Дмитрий Волковтың тағайындалғаны туралы грамоталар жіберіледі [4, 358 б.]. Ал қазақ билеушілерінің Қытай богдыханымен қатынастары бір қалыпты десек болады. Абылай сұлтан мен Әбілпейіс сұлтандардың елшілері Пекин шаһарына үнемі қатынасып тұрды. Өз кезегінде Қытай патшасының да қазақ билеушілеріне жолдаған жарлықтары шынайы ахуалдан хабар бере алмайды. Дегенмен, қазақ елшіліктері 1757 жылы Тарбағатайға, 1759 жылы Ертістің жоғарғы ағысындағы жерлерге, 1760 жылы Іленің жоғарғы ағысына өз құқықтарының танылуына қол жеткізді. Қытайлар бұған келісіп, қазақтарға заңды түрде тиесілі жерлерді жоңғар көтерілісшілеріне қарсы күресте көмек көрсетуге уәде бергені үшін қайтарып берді [8, 251 б.]. Алайда XVIII ғасырдың 60 жылдарының басында циндердің бұл бағыттағы саясаты өзгерді. Қытай әскерлері қазақтарды олардың Шығыс Қазақстандағы орнығып алған жерлерінен күшпен қуып шығаруға тырысты. 1762-1765 жылдардағы әрекеттер ерекше қатыгездік болды. Бұны 1762 жылғы 21 желтоқсандағы Қытай патшасының қазақ шекарасындағы әскербасыларына берген жарлығынан көреміз. Онда: «...Алдында қазақтарға жарлық бергенмін... Қазір олар жер шетінен өтіп, мал бағатын болса, сол жарлығым бойынша малын тартып алыңдар. Егер қолбасшыларын қолға түсіре алсаңдар, тез арада хабар етіңдер. Тіпті, солардың арасында Абылайдың өзі болса, оны да ұстауға болады. Қалай да оларды именетін ету керек» [6, 61 б.] делінген. Қытай патшасы қазақтарды қорқыта отырып, олардан белгілі дәрежеде пайда көруге тырысты. Ең алдымен қытайлықтар қазақ аттарына қызығушылық білдірді. Цин әкімшілік орындары мен қазақ билеушілері сауда айырбасын үнемі ұйымдастырып отырды. Қазақ тарапы жылқыларды көбіне Үрімжі базарына апарып өткізген. Сондай айырбас сауданы 1758 жылы 17 қыркүйекте Қабанбай жасайды. Ол Үрімжі базарына 300-ден аса жылқыны айдап әкеліп, сауда жасайды [4, 265 б.]. Жылқыны тек сауда үшін ғана емес, сонымен қатар Қытай патшасына сый ретінде тарту етілген. Қазақ билеушілері императорларға жылқы сыйлау 1757 жылдан бастап, 100 жыл бойы жалғасты. Қытай императорларына барлық қазақ билеушілері - Әбілмәмбет пен Абылай хандардан бастап, олардың ұрпақтарына дейін барлығы да жылқы тарту етіп отырған. Алғашқы төрт жылқы Цяньлунға қазақтар тарапынан 1757 жылы тамыз айында сый ретінде беріледі [9, 124 б.].

### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Златкин И.Я. История Джунгарского ханства. – Москва: Наука, 1983. – 335 б.
2. Уәлиханов Ш.Ш. Шығармалар жинағы. 5 томдық. IV том. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – 463 б.
3. Хафизова К.Ш. Китайская стратегия Цинской империи. – Алматы: Издательский дом «Таймас», 2007. – 104 б.
4. Абылай хан. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдардың жинағы (Құрастырған, қазақшаға аударған, көрсеткіштерін түзген, түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай). – Петропавл, ЖШС «Астана» баспасы, 2005. – 477 б.
5. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. Сборник документов и материалов. – Алма-Ата, Изд-во АН КазССР, 1961. – 744 б.
6. 100 құжат (Қазақ хандығы мен Чиң империясы арасындағы қарым-қатынастарға байланысты құжаттар). – Алматы, “Санат”, 1998. – 221 б.
7. Әбуев Қ. Қазақстан тарихының «ақтандық» беттерінен. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 144 б.
8. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3 том. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 768 б.
9. Хафизова К. Кони в диалоге цивилизаций. – // Экономические стратегии. – №1/2007 (4).

УДК 930.2

**Ұстағалиев Е.О.**

*Тарих ғылымдарының магистрі, Сулейман Демирел атындағы университет,  
Қаскелең, Қазақстан,  
[ernar.ustagaliev@mail.ru](mailto:ernar.ustagaliev@mail.ru)*

### ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТҰСЫНДАҒЫ БИЛЕР ТӨҢКЕРІСІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Abstract.** In this article consider precondition and reason revolution of bi in the history of Kazakhstan, in the II-half of century. Specifics system authorities of khan, role and phenomenon bi appear object of research. In this work was using historical composing «zhyr» like original source.

**Keywords:** history, authorities of khan, institute of bi, historical composing, phenomenon bi.

Өткен ғасырдағы ұлтымыздың біртуар перзенті болған Ахмет Байтұрсынов: «Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы – тарих» деп айтқанындай, тарих беттерінде қалған батыр бабаларымыздың ерліктеріне бей-жай қарамай, өткеннен сабақ алуымыз керек. «Мәдени мұра» және «Халық тарих толқынында» бағдарламаларына сәйкес өткен тарихымызды қайта жаңғырту, қалпына келтіру және жаңадан қайта жазу негізге алынды. Соңғы уақыттарда төл тарихымызға деген қызығушылық артып келеді. Соның бір айғағы ретінде Қазақ хандығының құрылғанына 550 жылдық ұлы мерекені мемлекеттік деңгейде атап өттік. Дүбірлі мерекенің бір естелігі ретінде Қазақ хандығының құрылуы тарихында есімдері ерекше аталатын Керей мен Жәнібек хандарға Тараз қаласынан ескерткіш